



Әл-Фараби атындағы  
Қазақ ұлттық  
университеті

# QAZAQ UNIVERSITETI

Апталық  
1948 жылдың  
20 сәуірінен шыға  
бастады

№11 (1837)  
16 сәуір  
2022 жыл

www.kaznu.kz

facebook.com/KazakhNationalUniversity

vk.com/kazuniversity

instagram.com/KAZNU\_FARABI

## ҚазҰУ еуропалық елдермен ынтымақтастыққа үлес қосады

Еуропалық  
Парламент  
делегациясы  
Әл-Фараби  
атындағы Қазақ  
ұлттық  
университетіне  
арнайы сапармен  
келіп, оқытушы-  
профессорлар  
құрамы және  
студенттерімен  
кездесті.



Делегация құрамында «Қазақстан Республикасы – Еуропалық одақ» Парламенттік ынтымақтастық комитетіндегі Еуропалық Парламент делегациясының төрағасы, Көлік және туризм комитетінің 3-ші вице-төрағасы Андрис Америкс (Латвия), елші, ҚР ЕО өкілдігінің басшысы Кестутис Янкаускас, ҚР ЕО Парламенттік ынтымақтастық комитетіндегі Еуропалық Парламент делегациясының мүшесі, Еуропарламент Сыртқы істер комитетінің мүшесі Франциско Миллан-Мон (Испания) және басқа да ұйым мүшелері болды.

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетіне арнайы ат басын тіреген Еуропалық Парламент деле-

гациясын ҚазҰУ-дың Басқарма Төрағасы – Ректор Жансейіт Түймебаев бастаған оқытушы-профессорлар құрамы салтанатпен қарсы алды. Мәртебелі меймандарға «Әл-Фараби» музейін көрсетіп, еліміздегі жоғары оқу орындарының флагманы саналатын университеттің тарихымен, ҚазҰУ жанындағы халықаралық Пан Ги Мун институтының атқа-

рып жатқан қызметімен, сондай-ақ оқу орнының даму жоспарымен таныстырды. Артынан Еуропалық Парламент өкілдері университеттің оқытушы-профессорлар құрамымен, еліміздің және әлемнің әр түкпірінен келіп, осында біліммен суындап жатқан студенттерімен жүздесті.

ҚазҰУ қалашығындағы Әл-Фараби кітапханасының

кең залында Еуропарламент өкілдерінің қатысуымен өткен жиынды ашқан Басқарма Төрағасы – Ректор Жансейіт Түймебаев: «Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті отандық рейтингте ғана емес, халықаралық рейтингтерде де көш бастап келеді.

Жалғасы 2-бетте

## I халықаралық Фараби форумы мәресіне жетті

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде I халықаралық Фараби форумының жабылу рәсімі өтті. Онда форум жұмысы қорытындыланып, «ҚазҰУ-дың үздік жас ғалымы» байқауы мен Студенттік бизнес-инкубаторлар инновациялық жобаларының жеңімпаздары марапатталды.

I халықаралық Фараби форумы аясында еліміздің жетекші университетінде үш халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция, екі дөңгелек үстел, дәстүрге айналған «Фараби әлемі» атты студенттер мен жас ғалымдардың халықаралық конференциясы, сондай-ақ «ҚазҰУ-дың үздік жас ғалымы» және Студенттік бизнес-инкубаторлардың иннова-

циялық жобалар байқауы өтті.

Форум ғалымдар мен студент жастардың ғылыми шығармашылығының түрлі бағыттарын біріктірді. Конференциялар мен байқауларға 6000-нан астам ғалымдар, студенттер, магистранттар мен жас ғалымдар қатысты. Көрнекті ғалымдар, саясаткерлер және құқықтанушылармен кезде-



сулер, зияткерлік ойындар, презентациялар, дөңгелек үстелдер, ғылыми дебаттар, шеберлік сыныптары, байқаулар, көрмелер мен зият-

керлік ойындар ұйымдастырылды.

Жалғасы 3-бетте

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде Ғылым қызметкерлері күніне арналған салтанатты жиын өтті. Шараға ҚазҰУ-дың Басқарма Төрағасы – Ректор Жансейіт Түймебаев, ҚР Ұлттық ғылым академиясының президенті Мұрат Жұрынов, оқытушы-профессорлар құрамы мен жас ғалымдар қатысты.

## Университет ҚР ҰҒА-мен меморандумға қол қойды



Салтанатты жиында сөз сөйлеген білім ордасының ректоры Жансейіт Түймебаев ғылым саласында өлшеусіз еңбек етіп жүрген ғалымдарды кәсіби мерекемен құттықтап, жылы лебізін білдірді. «Сіздерді Ғылым қызметкерлері күнімен шын жүректен құттықтаймын! Ғылым – қоғамның қозғаушы күші, барлық саланың даму негізі. Жаңа әлемдегі жаңа Қазақстанды қалыптастыруда ғылымның ықпалы күшті болуы тиіс. Қазіргі уақытта біздің алдымызда ғылымды жаңа бағыттар бойынша дамытудың ауқымды міндеттері тұр. Сондықтан қол жеткізген жетістіктермен тоқтап қалмай, бірлесіп ғылым саласын дамыту маңызды. Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ іргелі және қолданбалы зерттеулер нәтижелеріне сүйене отырып, зерттеу университеті моделін іс жүзінде жүзеге асырады», – деді Жансейіт Түймебаев.

Жиында ҚазҰУ-ға арнайы келген ҚР Ұлттық ғылым академиясының президенті Мұрат Жұрынов сөз алып, білім ордасындағы ғалымдарды айтулы күнмен құттықтады. Өз сөзінде академик ұжымдық ғылымды дамыту қажет екенін жеткізді. «Қазақ ұлттық университеті – еліміздің мақтанышы. ҚазҰУ-дан түлеп ұшқан түлектер қазіргі таңда Үкіметте, мемлекеттік органдарда өз міндеттерін кәсіби деңгейде атқарып келеді. Жетекші университет студенттерге сапалы білім беріп қана қоймай, болашақ ғалымдарды даярлау қажет. Бүгінде ғылым бір ғалымның күшімен дами алмайды. Сол үшін баршамыз бірге жұмыс істеп, ұжымдық ғылымды дамыту керек», – деді Мұрат Жұрынов.

Жалғасы 3-бетте



Адахан МАДУМАРОВ:  
**Еуразиялық  
технопарк  
жобасында ҚазҰУ  
көш бастайды**

4



Асылбек КОЖАХМЕТОВ:  
**Философия  
лидера –  
большая цель**

5



Селенай КОШУМДЖУ:  
**Атажұртта  
жұмыс істеу  
мені  
қанаттандырды**

6



# ҚазҰУ еуропалық елдермен ынтымақтастыққа үлес қосады

Соңы. Басы 1-бетте

QS әлемдік үздік университеттер рейтингінде 175-орынды иеленген. 2021 жылы білім ордасы түлектердің жұмысқа орналасуы бойынша халықаралық ТОП 201-250 оқу орындарының қатарына кірді. Түлектердің жұмысқа орналасу көрсеткіші бойынша әлем елдерінің арасында 55-орынға көтерілді. Сондай-ақ ҚазҰУ Кюэс Старс Рэйтинг Систэм (QS Stars Rating System) халықаралық рейтингінде «Бес жұлдыз» артықшылық белгісіне ие болды. Бұл деңгейге Орталық Азия өңірінде басқа бірде-бір оқу орны әзірге жеткен жоқ», – деп сөзін университеттің жетістіктерінен бастады.

«ҚазҰУ әлемнің 500-ден астам үздік және жетекші университеттерімен ынтымақтастық орнатқан. Көптеген ірі халықаралық ұйымдардың мүшесі. Еуроодаққа мүше 10 елдің жоғары оқу орындарымен бірлесіп қосдипломдық 16 білім беру бағдарламасын іске асырады. ҚазҰУ-дың сегіз факультеті Еуроодақтың 13 серіктес ЖОО-сымен ынтымақтастық орнатқан. Университетте Француз ғылыми мектебі, Германиялық зерттеулер орталығы, Романдық зерттеулер орталығы, Еуропалық құқық орталығы сияқты еуропалық елдермен ынтымақтастық орталықтары жұмыс істейді. Оқу орнында 92 бағдарлама ағылшын тілінде жүзеге асырылады. ҚазҰУ Кюэс бай Сабджект (QS by Subject) рейтингінде төрт пән саласы мен 16 дайындық бағыты бойынша үздіктер қатарына кіреді. 2010 жылдан бастап біздің еліміз Болон процесінің мүшесі болып табылады және жоғары білімнің еуропалық кеңістігіне қатысушы мәртебесіне ие. Бүгінге дейін Еуроодақ елшілері – Роберт Кремер, Майкл Хамфриз, Алан Ваддамс, Адриан Ван дер Меер, Норбер Жустен, Аурелия Бушез, Траян Христес, Свен-Олов Карлссон сияқты білікті эксперттер Эл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің оқытушы-



лары мен студенттеріне танымдық дәрістер оқыды. Қазіргі уақытта Қазақстан Республикасы Чех Республикасымен бірлесіп, Болон процесі бақылау тобының (Bologna follow-Up Group-BFUG) тең төрағасы. ҚазҰУ Біріккен Ұлттар Ұйымының «Академиялық ықпал ету» бағдарламасының тұрақтылық бойынша төрт мерзім қатарынан жаһандық хабы болып табылады. Біз стратегиялық маңызды міндет – профессорлық-оқытушылық қызметті интернационалдандыру жолымен ғылыми-білім беру бағдарламаларының деңгейін көтеру және білім беру процесі мен ғылыми-зерттеу қызметіне инновациялық технологияларды енгізу бойынша жұмыс істейміз», – деп, ректор жоғары оқу орнының Еуропа

әлемімен тығыз байланыстарын атап өтті. «Біз Қазақстанның Еуропалық одақпен халықаралық мәдени-білім беру ынтымақтастығын интеграциялау және дамытуға аса мүдделіміз. Осылайша ҚазҰУ еуропалық елдермен ғылыми зерттеулерді дамыту саласындағы ынтымақтастыққа өз үлесін қосады», – деп түйіндеді сөзін Жансейіт Түймебаев.

ҚР-ЕО Парламенттік ынтымақтастық комитетіндегі Еуропалық Парламент делегациясының бірінші вице-төрағасы, Еуропарламент Көлік және туризм комитетінің 3-ші вице-төрағасы Андриис Америкс өз кезегінде Қазақстанға Еуроодақ қағидаларын жеткізу үшін келгендерін мәлімдеді. «Біз бәріміз Еуропалық одақтан болғанымызбен, әртүрлі



елдерденбіз. Сіздермен еуропалық ұлттардың терең тарихымен бөлісіп, Еуроодақтың қағидаларын жеткізу үшін келдік. Біз «жұмсақ» қарым-қатынастарды дамытамыз, бұл жағынан бізде тамаша сауда-саттық мүмкіншіліктеріне, зерттеу жұмыстарына және жекелеген ұжымдық еркіндік пен қауіпсіздікті қамтамасыз ету үшін ашық кеңістік бар. Бізде бәрімізге бірдей қауіпсіздік мәселелерімен қатар, экологиялық, экономикалық ортақ сын-қатерлер бар екені белгілі. Қазақстанға осы мәселелер бойынша келіп отырмыз. Сіздердің Еуропамен ынтымақтастықта болғандарыңызды қалар едім. Күрделі геосаяси ахуалға қарамастан, негізгі қиындықтарды еңсеріп алған елге барлық жақсылықты тілегіміз

келді. Сіздердің елдеріңіз азаматтық қоғамда маңызды рөл атқаратын мәдениетаралық диалогпен адам құқықтарын қолдауға септігін тигізеді деп үміттенеміз», – деп арнайы келген сапарларының мәнісімен таныстырды.

ҚР-ЕО Парламенттік ынтымақтастық комитетіндегі Еуропа

парламент делегациясының мүшесі Франциско Миллан-Мон өз сөзінде Еуропа бастан өткерген экономикалық дағдарыстарды айта келе, әлемде болып жатқан бүгінгі саяси жағдайларға, Қазақстанның ішкі озық үдерістеріне, сондай-ақ ҚазҰУ жетістіктеріне тоқтала кетті. «Біз осындағы кітапханаға кіріп, танысып шықтық. Университет ғұлама Эл-Фарабидің мұраларын сақтап қана қоймай, сандық жүйеге көшкен екен. Мен мұнда заманауи жабдықтарды көрдім. Сіздер Еуропа өркениеті принциптері жолымен келе жатырсыздар, БҰҰ құндылықтарын ұстанасыздар, осы жағынан сіздерді құттықтаймын және алдағы уақытта Орталық Азияда ғана емес, әлемге танымал үздік университет болыңыздар деген тілек айтқым келеді», – деді Франциско Миллан-Мон.

Елордадан Еуропарламент делегациясын бастап келген ҚР Парламенті Мәжілісінің Халықаралық істер, қорғаныс және қауіпсіздік комитетінің төрайымы Айгүл Құспан Еуроодақ жұмысына көрсеткен қызығушылықтары үшін университет басшылығы мен студенттеріне алғыс айтты. Кездесу барысында Еуропарламент өкілдері өз тараптарынан студенттерді қызықтыратын әртүрлі сұрақтарға жауап берді.

Қайыржан ТӨРЕЖАНОВ



**Маматха ХАНУМАППА,**  
Колумбия университетінің профессоры:

– Эл-Фараби атындағы ҚазҰУ-ға Еуропарламент делегациясының арнайы сапармен келуі бәрімізді қуантты. Ең алдымен білім ордасының қаншалықты сапалы жұмыс істейтініне көз жеткіздік. ҚР-ЕО Парламенттік ынтымақтастық комитетіндегі Еуропарламент делегациясының мүшесі Франциско Миллан-Монның «Орталық Азияда ғана емес, сонымен қатар Еуроодақ елдеріне де танымал университетке толағай табыстар тілеймін» деген лебізі бекер емес. Қазақстанның ЕО-мен тығыз жұмыс істеп жатқанына өте қуаныштымын.

Мен Фулбрайт стипендиатымын, ол өте беделді стипендиялардың қатарында. Мені қалалық ауыл шаруашылығы және климаттың өзгеруі қызықтырады. Алматыға қалалық ауыл шаруашылығын дамыту мақсатында келдім. Сонымен қатар ҚазҰУ-дың Информатика кафедрасы профессорларымен бірге картография саласы бойынша зерттеу жұмыстарын жүзеге асырып жатырмыз.



**Мачей Адам МАДАЛИНСКИ,**  
Еуроодақтың Қазақстандағы елшісінің орынбасары:

– Еуропарламент делегациясымен ҚазҰУ-ға арнайы келіп, оқытушы-профессорлар құрамы мен студенттерімен кездестік. Қазақстандағы ең беделді білім ордасында болған жүздесу – тарихи сәт. Бүгін қала әкімімен кездесіп, ҚазҰУ-дың күннен-күнге дамып жатқанына куә болдық. Ендігі жоспар – Алматы қаласының туристік мекендерін тамашалау. Сосын қоғамдық ұйымдардың мамандарымен өте маңызды кездесу өткізбекпіз. Ондағы бағдарламаларымыздың бір бөлігі қаңтар оқиғасына қатысты болмақ. Күрделі геосаяси ахуалды бастан кешкен қала тұрғындары, оның ішінде білім ордасының студенттеріне тілекшіміз. Ұлттық университеттің абыройы арта берсін!



**Ли Бёнг ДЖО,**  
PhD,  
профессор,  
Эл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың Қыыр Шығыс кафедрасы корейтану бөлімінің меңгерушісі:

– Еуропарламент делегациясымен кездесуде студенттер пандемиядан кейінгі білім саласына қатысты, демократиялық елдердегі сайлау тұрғысында және өзге де жастарға қатысты сұрақтарын қойды. Украина мен Ресей арасында соғыс жүріп жатқан мезетте Еуропарламент өкілдерінің ҚазҰУ-ға келуі орынды деп ойлаймын. Олар студенттерге қатысты мәселелерден бөлек, мен секілді тарихшылар мен зерттеушілерді толғандыратын маңызды жайттарға да тоқталып өтті.



**Мавада ЭЛЬХИБР,** медицина факультетінің 2-курс студенті:

– Менің ойымша, Еуропарламент делегациясының университет ұжымымен және студенттермен кездесуі өте қызықты әрі мән-мағыналы болды. Расында да, ҚазҰУ-дың еуропалық елдермен ғылыми зерттеулерді дамыту саласындағы ынтымақтастыққа өз үлесін қосатыны шүбәсіз. Өйткені бұл бізді тек білім алуға шабыттандырып қана қоймайды, сонымен қатар Еуропарламенттің білім саласындағы рөлі қаншалықты маңызды екеніне назар аудартады.



## I халықаралық Фараби форумы мәресіне жетті



Соңы. Басы 1-бетте

Салтанатты рәсімге қатысушылар алдымен Студенттік бизнес-инкубаторлардың инновациялық жобалары көрмесімен танысты.

ҚазҰУ-дың Басқарма Төрағасы – Ректор Жансейіт Түймебаев форумға белсеңді атсалысқаны үшін барлық қатысушыларға алғыс айтып, үздіксіз шығармашылық табыс, озық ғылыми нәтижелер мен жаңалықтар тіледі. «I халықаралық Фараби форумы Қазақстанның игілігі үшін одан әрі даму жолындағы біздің қара шаңырақтың үздік дәстүрлерін сақтап, дамыта отырып, университет ғылымының өзіндік символына айналды. Біз студенттік ғылымды қолдау және дамыту саясатын одан әрі жалғастыратын боламыз. Университетте іргелі және қолданбалы зерттеулер мен технологияларды коммерцияландыру шеңберінде жас ғалымдар мен студенттердің халықаралық ғылыми-техникалық ықпалдастығын дамытамыз», – деп атап өтті ректор.

Білім ордасында жас ғалымдардың ғылыми әлеуетін арттыруға көп көңіл бөлінеді. ЖОО басшысы Жансейіт Қансейітұлының ұсынысы бойынша университеттің ғылыми-зерттеу жұмыстарын жалпы гранттық қаржыландырудың 10 пайызы студенттерді ғылыми-зерттеу қызметіне тартуға бөлінеді.

Салтанатты шарада университет басшысы «ҚазҰУ-дың үздік жас ғалымы» байқауы мен Студенттік бизнес-инкубаторлардың инновациялық жобалары жеңімпаздарына дипломдар мен қаржылай сыйлықтарды табыс етті.

Сонымен қатар жиынға Қырғыз Республикасы мен Қазақстан Республикасы арасындағы достық сенімдегі қарым-қатынастарды дамытуға қосқан зор үлесі үшін Түркітілдес мемлекет-

тер интеграциялық кеңесі бас хатшысының орынбасары Адахан Мадумаров қатысып, «Бірлік» алтын медалімен марапатталды.

Форум аясында өткен халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференциялар жайлы философия және саясаттану факультетінің деканы Бекжан Мейірбаев, медицина және денсаулық сақтау факультетінің деканы Жанна Қалматаева, тарих факультетінің деканы Мендігүл Ноғайбаева, география және табиғатты пайдалану факультетінің деканы Виталий Сальников қорытынды баяндама жасады.

Сондай-ақ шара барысында білім ордасының бірқатар жетекші ғалымдарына Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың «Ерен еңбегі үшін» медалі табысталды.

Үздік инновациялық студенттік жобаның авторлары – ҚазҰУ-дың физикатехникалық факультетінің студенттері Динара Жумалина және Қалдыгүл Кәрібаева І дәрежелі диплом мен 150 мың теңге қаржылай сыйлыққа ие болды. Олардың жобасы мүмкіндігі шектеулі жандар үшін арнайы сурдоаударманы HandDetector қосымшасының көмегімен дайындауға бағытталған.

«Әлемде 2 миллион адам ымдау тілімен сөйлеседі. Бағдарлама осындай мүмкіндігі шектеулі жандардың іс-қимылдарын басқа адамдарға түсіндіруге көмектеседі. Барлық адамдарға қолдау және достық қажет. Мақсатымызды жүзеге асыруға қолдау білдірген университет басшылығына және жетекшілерімізге алғысымыз шексіз. Жас өнертапқыштар үшін ҚазҰУ-да барлық жағдай жасалуда», – дейді жоба авторлары.

Іс-шара форум жеңімпаздары мен жүлдегерлерінің естелік суретке түсуімен аяқталды.

Әйгерім ӘЛІМБЕК

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде Алаш ардақтысы, көрнекті ағартушы ғалым, ұлт ұстазы Ахмет Байтұрсынұлының 150 жылдығына орай, «Ахмет Байтұрсынұлы – ұлттың рухани көсемі» атты халықаралық ғылыми-теориялық конференция өтті. Оған белгілі тілтанушы, тарихшы, әдебиетші ғалымдар, оқытушы-филологтар мен білім алушы жастар қатысты.

## Ұлы ұстаз есімі ұлықталды

Қазақ тіл білімі мен әдебиетінің және қазақ журналистикасының негізін қалаушы, қазақ жазуының реформаторы, алғашқы ұлттық әліппенің авторы, ақын, аудармашы, педагог, XX ғасырдың басындағы қазақ интеллигенциясын тәрбиелеген ағартушы ғалым, қазақ руханияты тарихындағы аса ірі тұлға, мемлекет және қоғам қайраткері Ахмет Байтұрсынұлының бай мұрасын дәріптеуге арналған жиында алқалы қауым алдымен ұлы тұлғаның есімі берілген аудиторияның лентасын қиды.

Конференция ашылуында ҚазҰУ-дың Басқарма Төрағасы – Ректор Жансейіт Түймебаев түркі әлеміне ортақ тұлға тағылымы, оның ұлт болашағы мен бостандығы жолындағы жанкешті еңбегі хақында кеңінен ой өрбітті. Ахмет Байтұрсынұлының «Білімді болуға оқу керек. Бай болуға кәсіп керек. Күшті болуға бірлік керек. Осы керектердің жолында жұмыс істеу керек» деген көзқарасының бүгінгі күні де аса өзекті екенін алға тартты.

«Біз еліміздің, тіліміздің болашағын ойласақ, Ахмет Байтұрсынұлы бағытын ұстануға тиіспіз. Өйткені тіл тағдыры – бүкіл мемлекеттің тағдыры. Бүгінгі конференцияның да тарихи миссиясы – Байтұрсынұлы танымы арқылы жастардың ой-өрісін кеңейту», – деді университет басшысы.

Сонымен қатар конференция барысында ағартушы ғалымның таңдамалы шығармаларының үш томдығының тұсауы кесілді. Шығарылымның басты ерекшелігі – студенттер енді Ахмет Байтұрсынұлы еңбегінің түпнұсқасын оқуға толық мүмкіндік алды.

Жиында құттықтау сөз сөйлеген филология факультетінің деканы Баян Жолдасбекова Ахмет

ру, кеңестік Қазақстанның саясаты мен тыныс-тіршілігіне араласу шығармашылық жұмысқа септеспеді. Соның өзінде артында мәңгілік мұра қалдыра алды», – деді ғалым.

Сондай-ақ пленарлық оты-



Байтұрсынұлының өмір жолы мен шығармашылығына тоқталды. Ол өз сөзінде: «Бүгінгі басты жаңалығымыз – қара шаңырақтағы филология факультетінде университетіміздегі Қазақ тіл білімі кафедрасына ұлт ұстазы – Ахмет Байтұрсынұлы есімінің берілуі. Бұл ұлт ұстазына деген ерекше құрметіміз. Бүгінгі күні кафедрада қазақ тілі мен түркітанудың іргелі мәселелеріне зерттеулер жүргізілуде», – деп атап өтті.

ҚР ҰҒА академигі, тарихшы-ғалым Ханкелді Әбжанов Ахмет Байтұрсынұлы және қазіргі отандық тарих ғылымының сабақтастығына көпшілік назарын аударды. «Ұлт зиялысы Ахмет Байтұрсынұлы үздіксіз интеллектуалды ізденіспен ғұмыр кешті. Ол жайлы өзі былай жазады: «1901 жылдан бастап, оқытушылықтан қол босаған уақыттарымда өз бетіммен білімімді толықтырдым, әдебиетпен шұғылдандым». Алғашқыда отарлық, кейінде тоталитарлық қуғын-сүргін кесіле жазуына мүмкіндік тұғыза бермеді. «Қазақ» газеті мен Алаш қозғалысының басы-қасында жү-

рыс барысында М.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының бас ғылыми қызметкері Айгүл Ісімақова, Назарбаев университетінің профессоры Юлай Шамильоғлы, Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ профессоры, кафедра меңгерушісі Анар Салқынбай, Ш.Шаяхметов атындағы Тілдерді дамыту орталығының директоры Ербол Тілешов, қырғызстандық профессор Ташболат Садықов, Ахмет Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институтының директоры, тілтанушы ғалым Анар Фазылжанова өз баяндамаларын көпшілік назарына ұсынды.

Халықаралық конференция жұмысы ары қарай «Тәуелсіздік және Алаш идеясы»; «А.Байтұрсынұлы және қазақ тілінің теориялық мәселелері»; «А.Байтұрсынұлы және қазақ тілінің теориялық мәселелері»; «А.Байтұрсынұлы және әдебиеттану ғылымы»; «Қазақ тілі мен әдебиетін оқыту әдістемесі» атты панелдік талқылауларға ұласты.

Әйгерім ӘУЕЗХАНҚЫЗЫ

## Университет ҚР ҰҒА-мен меморандумға қол қойды

Соңы. Басы 1-бетте

Шара барысында Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ мен ҚР Ұлттық ғылым академиясы арасындағы ынтымақтастықты арттыру бойынша Жансейіт Қансейітұлы мен Мұрат Жұрынулы меморандумға қол қойды.

Сонымен қатар салтанатты жиында «Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың үздік жас ғалымы» байқауының 16 жеңімпазы марапатталды. Жас ғалымдарға диплом мен ақшалай сыйлық табысталды.

Кездесу соңында химия ғылымының докторы, профессор, ҚР ҰҒА академигі және президенті Мұрат Жұрынуға «Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың құрметті докторы» атағы берілді. Сондай-ақ Қазақстанда ел бірлігін нығайту, бейбітшілік пен келісімді сақтау және рухани мәдениетті дамытуға қосқан елеулі үлесі үшін Мұрат Жұрынулы қоғамдық «Бірлік» алтын медалімен наградталды.

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың Баспасөз қызметі





Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде өткен Ғылым қызметкерлері күніне арналған салтанатты жиында ҚР Ұлттық ғылым академиясының президенті Мұрат Жұрынов сөз сөйлеп, еліміздегі ғылым-білім саласының қазіргі ахуалына кеңінен тоқталды. Ол сапалы білім беруде, кадр даярлауда, ғылыми жаңалықтар ашуда ҚазҰУ әрқашан озат екенін айрықша атап өтті.

Мұрат ЖҰРЫНОВ, ҚР Ұлттық ғылым академиясының президенті:

## ҰЖЫМДЫҚ ҒЫЛЫМДЫ ДАМУЫ КЕРЕК



### Қадірлі әріптестер!

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің құрметті докторы атағы берілгені үшін өте қуаныштымын. Менің құрметті атақтарым аз емес, дегенмен ҚазҰУ-дың орны мүлдем бөлек. Бұл – ғылым-білім саласында озат болып, ел мақтанышына айналған оқу ордасы. Университет қай кезеңде де мемлекетімізге білікті кадрлар даярлап келеді. Түлектері Кеңес Одағы кезінде де белсенді жұмыс атқарған. Олар қазіргі таңда да Үкіметте, мемлекеттік органдарда өз міндеттерін кәсіби деңгейде атқарып келеді және қайсысы болсын жоғары деңгейдегі кәсіпқой маман екенін шүбәсіз. Жетекші университет студенттерге сапалы білім беріп қана қоймай, болашақ ғалымдарды даярлау қажет. ҚазҰУ студенттері жоғары білікті маман әрі ғалым болуы тиіс. Ұлттық ғылым академиясы осы дәстүрді қолға алып, бүгінде жалғастырып келеді. Ғылым бір ғалымның күшімен дами алмайды. Сол үшін баршамыз бірге жұмыс істеп, ұжымдық ғылымды дамыту керек.

Мен Д.Менделеев атындағы Ресей химия-технологиялық университетінің құрметті докторымын. Бүгін, міне, ҚазҰУ-дың құрметті докторы атанып отырмын. Осы екі марапат мен үшін, расында да, қымбат. Осы орайда, біз, Ұлттық ғылым академиясы ҚазҰУ ғалымдарымен бірге жұмыс істеуді жоспарлап отырмыз. Ұлттық ғылым академиясы, «Болашақ» бағдарламасымен PhD докторларды даярлаймыз. Бірақ олар шетелден елге оралған соң, арада түсініспеушілік туындайды. Себебі олар шетел ғалымдарының идеясын қолдайды да, өңірлік ғалымдардыкін жоққа шығарады. Сол себепті оларды қандай оқу ордасынан қандай оқу ошағына жіберетінімізді алдын ала ойластыруымыз қажет. Мысалы, ҚазҰУ әлем бойынша көп-

дан төрт жыл бұрын Қытайда Ансо деген өте жоғары дәрежедегі академиялық қауымдастық ашылды. Оның басқа қауымдастықтардан айырмашылығы – қаржы бөлетінінде. Аталмыш академиялық қауымдастықтың ашылу салтанатына ЮНЕСКО-ның басшылары, шетелдік 54 мемлекеттен ғалымдар қатысты. Сонда Кіндік Азия мен Кавказ өңіріндегі алты адамның ішінен мені төралқалыққа сайлады. Бұл Қазақстан ғалымдарына берілген жоғары баға деп білемін. Біз содан кейін Кіндік Азиядан Ансоның бөлімін аштық. Оған бірнеше ел қатысты. Әсіресе Өзбекстанның ғылым академиясы белсенділік танытты. Олардың академиясында барлық институттары сақталған, дәрежесі өте жоғары болатын. Бірақ дауыс беру кезінде біз қара үзіп бәрін жеңіп шықтық. Бұл – ғалымдарымыздың зор еңбегінің көрсеткіші. Ғылыми жаңалықтар ашылып келді, әлі де ашыла бермек. Іргетасы берік ҚазҰУ секілді білім ордаларынан сапалы білім алған, ғылымға бейімделген жастар келешекте тың жаңалықтар ашатын болады.

Рейтингісі жоғары академиялық ғылыми институттарға ерекше мәртебе беру керек. Олардың негізгі қаржыландыруын байқаусыз, бірден 70 пайыздан төмен емес көлемдегі қаржы берілуі керек. Өйткені ондағы ғылыми мектептерді сақтау қажет. Байқау кезінде күтпеген, кездейсоқ шешімдер қабылданады. Кейде терең, сапалы жұмыстар өтпей қалады да, әлсіздеу жұмыстар өтіп кететініне таңғаламын. Ұлттық мемлекеттік ғылыми-техникалық сараптама орталығының құрамы өзгеріп тұрады. Сол кездегі мүшелерінің дайындығы жоғары болмады деп ойлаймын. Ал бұрын Ұлттық ғылым академиясы ұйымдастырған байқауға жұмыстар өткізетін. Ол кезде алдымен мекемелердің ғылыми кеңесінде талқыланады, одан кейін академияның бөлімшесіне түседі, сосын төралқалықта сараланады. Осындай електен өткен жұмыстарда кемшілік болмайды. Ғылым жоспарлы уақытқа емес, нәтижеге қарағанда ғана өнім болады. Сол үшін де ғалымдарға шығармашылық еркіндік қажет.

Сөз соңында баршаңызға алғыс айтамын. Келешекте бірге атқаратын жұмысымыз көп. Қазіргі кезде «Жаңа Қазақстан» деген ұран шықты. Ол өте дұрыс. Өйткені жаңару, жаңғыру үдерісі барлық уақытта жүріп отыруы керек. Сондықтан осы бастаманы бәріміз қолдап, өз саламызды дамытуға барынша атсалысайық. Еліміз аман, жұртымыз тыныш болсын. Сіздерге шығармашылық табыс тілеймін!

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде өткен І халықаралық Фараби форумының жабылу рәсіміне Жогорку Кенеш депутаты, «Бүтін Қырғызстан» парламенттік фракциясының жетекшісі Адахан Мадумаров қатысты. Мәртебелі мейман білім ордасы ұжымымен кездескеніне қуанышты екенін айтып, олардың тарихта өшпес із қалдыратынына, ҚазҰУ әлемдегі ең үздік 100 университеттің қатарынан табылатын күндердің ауылы алыс емес екеніне сенім білдірді.

Адахан МАДУМАРОВ, Жогорку Кенеш депутаты, «Бүтін Қырғызстан» парламенттік фракциясының жетекшісі:

## Еуразиялық технопарк жобасында ҚазҰУ көш бастайды



Дүниежүзіндегі алдыңғы қатарлы 200 университеттің қатарындағы Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің жамағатымен, оқытушылары және студенттерімен жүздесу мен үшін үлкен мақтаныш. Әлемдік рейтингте алған орындарыңыз құтты болсын! Алдағы уақытта ТОП-100, ТОП-50 университеттің қатарына кіруді нәсіп етсін!

ҚазҰУ-да көптеген талантты жастар өсіп келеді. Бүгін жас ғалымдардың үздік жұмыстарын тамашалау барысында болашағы зор ғылыми зерттеулерге күә болдық. Мәселен, «Ақылды күнеспана» жобасының Қазақстан үшін де, Қырғызстан үшін де өзектілігі жоғары. Ешкі сүтінен жасалған ірімшік жобасы да халық денсаулығы үшін аса қажет. Осы жастарымыздың арқасында азық-түлік қауіпсіздігі мәселесі де жуық арада шешіледі деген ойдамын. Шетелдіктер фаст-фуд деп жарнамалап жатқан дүниенің барлығы кезінде көшпенділерден қалған. Ат үстінде жүріп, тағамы бұзылуы үшін ата-бабаларымыз оны сақтаудың ерекше технологияларын ойлап тапқан. Ал жаһандану дәуірінде біз шаң қауып, өркениеттің шетінде қаламыз ба, әлде көштің бел ортасында жүреміз бе – ол жастарға байланысты. Сіздерге орасан зор жоспарларыңызды іске асыруды тілеймін. Осындағы жас жігіттер мен қыздардың жасаған жобаларын көріп, ҚазҰУ әлемдегі ең үздік 100 университеттің қатарынан табылатын күндердің ауылы алыс емес деген ойдамын.

Мемлекеттің байлығы – жердің астындағы алтын-күміс, темір мен көмір секілді қазба байлықтар емес, жердің үстін басып жүрген халық. Әрбір мемлекеттің байлығы – ол халқы. Бізде Барпы деген керемет философ, ақынымыз бар. Жиырмасыншы жылдардың басында осы ақын «Ала-тоо көркі келбейт, әл болбос» деген екен. Оның мағынасы – «Алатаудың көркі кірмес, халқы болмаса» дегені.

Қазір Дженифер Лопес, Анджелина Джоли кім десен, бәрі біледі. Бірақ кешегі тарихты жазап, осы күнге жеткізген тұлғаларды, азаматтарды көп байқай бермейді. Голливудтың фильмдерін де жиі көреді, ал тарихи-публицистикалық шығармаларды, очерктерді мүлдем оқымайды. Бұл үлкен қайғы, трагедия. Бұл бізде де бар. Енді осыған тоқтау салып, өз болмысымызға қайта оралуымыз қажет. Не үшін сен бүгін қазақ болып тұрғаныңды ойла. Жүз миллиондаған халқы бар елдер өз мемлекеттігін жоғалтып алды. Неге? Мүмкін, әрдайым жерді найзаның ұшымен, қылыштың жүзімен қорғап қалудың амалын іздеу қажет те емес шығар. Оны ақылмен, біліммен де сақтап қалуға болады. Осы ғылым-білімді университеттер мен оқу орындары береді.

ҚазҰУ-дың негізін қалаған академик Өмірбек Жолдасбеков ағамыз бен қазақ-қырғыз халқына ортақ тұлға Дінмұхамед Қонаев осындай алып аумақта мықты техникалық базасы қалыптасқан университетті құрып, ұрпаққа аманат етті. Бүгін бізге ректор, профессор Жансейіт Қансейітұлы XXI ғасырда заманауи оқу орнының кампусы қандай болатынын баяндап берді. Болашақта осындай алға қойған үлкен мақсаттар жүзеге асырылып, қазіргі ҚазҰУ ұжымы да тарихта өшпес із қалдырады деген сенімдемін.

Қазіргі таңда Бішкекте Еуразиялық технопарк ашу жоспары тұр. Мамыр айында ресми қол қою салтанаты болады. Бұйыртыса, Қазан, Мәскеу қалаларындағы университеттер мен Белоруссия, Армения, Қазақстан және Қырғызстан жоғары оқу орындары бірігіп осы жобаны жүзеге асырмақ. Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті өңірге технологиялық серпіліс беретін болашағы зор жобада көш бастайды деген ойдамыз.



В Казахском национальном университете имени Аль-Фараби состоялась лидерская лекция основателя и президента *Almaty Management University (AlmaU)*, доктора делового администрирования Асылбека Базарбаевича Кожакметова. Асылбек Кожакметов – выпускник кафедры механики сплошной среды факультета механики и прикладной математики КазГУ имени С.М.Кирова (ныне КазНУ им. Аль-Фараби). Он проходил стажировку в Германии, Франции, Великобритании, Бельгии, Голландии, Венгрии, Эстонии. В 2010 г. ему была присуждена академическая степень «Бакалавр права» Казахского гуманитарно-юридического университета, а в 2011 - степень «Доктор Делового Администрирования» в Высшей Школе Менеджмента Национального Исследовательского Университета «Высшая Школа Экономики» (г. Москва). В 2013 году стал стипендиатом государственной программы «Болашак» и прошел научную стажировку в школе бизнеса Хаас Калифорнийского университета в Беркли. Автор более 70 научных казахстанских и международных публикаций по развитию менеджмента и образования. В 1980-е годы работал преподавателем кафедры механики в КазНУ имени Аль-Фараби. В начале 90-х годов основал Алматинскую школу менеджеров, которая стала Академией бизнеса.



любой точки; без жалоб и просьб; радость неудачи. «Неудача всего лишь шанс, начать все заново, но теперь уже с большим умом», говорил Генри Форд.

Для этого, в первую очередь, нельзя бояться неудачи. Нет людей, которые не делают ошибки, есть люди, которые повторяют ошибки. Это – урок на будущее. Когда допустили ошибку, вы переходите в другой уровень. Например, американский предприниматель Авраам Линкольн прежде чем стал президентом США несколько раз потерпел неудачи: В 1831 году погорел в бизнесе, объявлен банкротом, в

«Образование, лидерство и предпринимательство: что важнее?». Лидерская лекция была направлена на эту тему. В своем выступлении Асылбек Кожакметов подробно остановился на вопросах качественного образования, развития и совершенствования в себе лидерских качеств, критического и стратегического мышления. Также спикер отметил свою многолетнюю работу в коллективе КазНУ. Поделится мыслями об образовательной системе.

Если смотреть с точки зрения историка, во всех отраслях произошли изменения, кроме образования. Почему сфера образования осталась без изменения? Потому что, в XIII веке образование нужно было для распространения религии, образованные люди работали на религию. А в XVII-XIX веках система образования работала для нужды армии. В то время школьная дисциплина была как в армии. У нас немецко-русская модель образования, отсюда идут корни. В XX веке образование переходит работать на нужды экономики. Потому что, люди должны были создавать большие фабрики, мощные заводы, и молодежь воспитывали, направляли в эту отрасль. А в наше время, в XXI веке образование направлено на нужды человека. Сейчас новое время, новая экономика, новое общество, по этому под эту систему нужно соответствующее новое образование.

Университеты в прошлом веке, при Советском союзе были обучающими, то есть знание передавали из учебников. Обучающий университет – это основной задачей, которого является обучение, а не научное исследование. В СССР научно-исследовательские институты работали отдельно. Как правило, тогда мало было учебников, не всем хватало, студенты лекции записывали, конспектировали. Теперь университеты другого типа, это – генерация знания, генерация знаний в производстве. Если преподаватель не знает генерацию знания, читает на лекциях чужие труды, то это не XXI век, это – система образования прошлого века. По мнению ученого Асылбека Базарбаевича, основной целью университета должно быть не только обучение студентов, но и вклад в развитие экономики страны. «Ребенка не нужно воспитывать таким же как сам воспитатель, а нужно воспитывать соответствующим будущему», писал еще в начале прошлого века Магжан Жумабаев. Выпускник окончивший высшее учебное заведение, должен быть квалифицированным и высокообразованным. Кроме того, каждый студент к моменту окончания учебы должен сформировать

Асылбек КОЖАХМЕТОВ, президент AlmaU:

## Философия лидера – большая цель



себя как личность, он должен развивать науку инновационными открытиями. То есть максимальная отдача должна быть, все выпускники должны работать во благо страны.

Образование дает человеку ясное сознание в собственных взглядах и суждениях, видеть вещи в истинном свете, подготавливает к занятию любого поста с достоинством и владению всяким предметам с легкостью. Образованный человек знает, когда можно сказать и когда промолчать. Университет дает либеральное образование (знание), а не профессиональное. Нужно каждому определить к чему стремиться: знание – самоцель, знание – рассмотренное с научением, знание – рассмотренное в связи с профессиональными навыками. Тем не менее, человеку надо учиться всю жизнь. Об этом говорил американский предприниматель Генри Форд: «Всякий, кто перестает учиться – старик, неважно сколько ему лет, двадцать или восемьдесят. Всякий, кто продолжает учиться, остается молодым. Самая прекрасная вещь в жизни – сохранить свой разум молодым».

Неоценим вклад Асылбека Кожакметова в развитие системы высшего образования Казахстана. Являясь основателем и президентом УО «Almaty Management University» на протяжении более 30 лет он выступал за автономию вузов, развитие предпринимательских университетов, являлся сторонником открытой конкуренции вузов и внедрения прозрачных и эффективных инструментов их оптимизации. Благодаря активной международной деятельности Асылбек Базарбаевич, как истинный патриот и гражданин своей страны, вносит весомый вклад в повышение

международном уровне. В настоящее время Асылбек Кожакметов – член совета и вице-президент SEEMAN по Центральной Азии (Международная ассоциация развития менеджмента в динамичных обществах), член Международного Совета институтов управленческого консультирования (ICMCI); научный руководитель проекта МОН РК «Управление университетами-2020» и член Глобального Совета ООН PRME (United Nations Principles for Responsible Management Education).

По мнению лектора, университеты нужны не потому, что студенты разумны, а потому, что они не разумны, иначе они бы обучались сами. Университет следовательно, должен стать товарищем студенту. Студентов надо отобрать и вести. Главная цель университета – поставить человека вровень со своим временем для того, чтобы он во времени ориентировался, понимал происходящее. Наряду с этим университет должен находиться в центре реальной жизни насыщаться этой реальностью. Он должен быть открыт всему, что окружает его, говорит Асылбек Базарбаевич.

Успешный предприниматель, ученый в своей лекции широко охватил вопросы развития образования в республике, философия лидера, ступени развития лидера, стили и типы лидерства, виды интеллекта, понятие о стратегическом мышлении, предпринимательстве и другие. По мнению лектора, миссия университета не в том, чтобы учить молодежь, а в том, чтобы оказывать влияние на развитие экономики и общества в регионе или стране в целом. Давать знания не имеющего окончательного смысла в прошлом, нужно давать основы, которые не изме-

няются через пять и десять лет, а также делать акцент на развитие личности, чтобы выпускник умел критически мыслить, быть адаптированным к инновационным изменениям и не боялся ошибок.

В ходе лекции спикер ответил на вопросы будущим менеджерам, предпринимателям: как адаптировать к меняющимся условиям рынка, минимизировать риски, достичь высокого уровня самоорганизации созданной системы и другие. Сейчас время другое, вокруг все меняется быстро. Если в XX веке большие поедали маленьких, то в XXI веке быстрые поедают медленных. Поэтому требуются опережать время, для этого надо неустанно учиться и трудиться. При этом спикер привел в пример слова предпринимателя Уильяма Фолкнера: «Не трудитесь быть лучше своих современников и предшественников. Старайтесь просто превзойти самого себя».

Лектор определил 4 типа лидера: лидер своей судьбы – воздействует и после смерти; лидер группы, событий; лидер бизнеса, компании; лидер политический. Качествами лидера являются: честь и достоинство; инициатива и ответственность; смелость и проактивность; умение построить эффективную команду; энергетика и харизма; воодушевление и влияние; риск и устойчивость к неудаче; упорство и постоянное саморазвитие. Лидерам нельзя допускать такие ошибки, как – фокусировать на слабостях, а не на талантах, игнорировать значение мечты, ставить успех выше счастья, управлять временем, а не энергией. Суть лидерства – в управлении энергией, а затем энергией окружающих. Быть лидером значит создавать смыслы. Философия лидера – большая цель; горизонтальная карьера; управление из

1832 году потерпел поражение на выборах в законодательную палату в своем штате, 1834 – вновь погорел в бизнесе, опять объявлен банкротом, в последующие два года – личные неудачи и в итоге тяжелейший нервный срыв, долго лечился, 1838 – потерпел поражение на очередных выборах, 1843 – потерпел поражение на выборах в Конгресс США, 1846 – потерпел поражение на выборах в Конгресс США, 1848 – потерпел поражение на выборах в Конгресс США, 1855 – потерпел поражение на выборах в Сенат, 1856 – потерпел поражение как кандидат на пост вице-президента США, 1858 – потерпел поражение на выборах в Сенат, 1860 – избран президентом США.

Предпринимательское мышление – мышление основанное на способности генерировать идеи и реализовать их в жизнь, ответственности за свою жизнь, уверенность в себе, самоценности, а также на способности проявляться в этом мире со своими идеями, без страха совершить ошибку и наткнуться на критику. Четкое видение и понимание своих целей в жизни, желание работать на себя, умение и желание брать на себя ответственность, особое ответственность к деньгам, тяга к экспериментированию, умение сосредоточиться на важных для себя вещах, не бояться риска или неудачи, умение быстро найти нужные связи, ресурсы, возможности для осуществления своей деятельности, готовность к осуществлению деятельности чужими руками (найти работников и фрилансеров), инициировать изменения, креативность, междисциплинарный подход, действовать в конкретных неопределенных обстоятельствах, вот чем должен руководствоваться предприниматель.

В конце лекции слушатели получили подробные ответы на все интересующие их вопросы касательно предпринимательства и лидерства. Асылбек Кожакметов является автором более 70 научных казахстанских и международных публикаций по развитию менеджмента и образования, автором книг «Легенды казахстанского предпринимательства», «В поисках эффективной модели казахстанского университета» и др.



**Түркия мемлекетінің азаматшасы, Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ шығыстану факультетінің ТҮРКСОЙ кафедрасында түрік тілі пәнінен үш жылдан астам уақыт дәріс оқып келе жатқан аға оқытушы Селенай Кошумджуды әңгімеге тарттық.**

Ол 2008 жылы «Түрік тілі» мамандығы бойынша бакалавр дәрежесін Денизли қаласындағы Памуккале университетінде, ал 2012 жылы «Жаңа түрік тілі» мамандығы бойынша аталмыш оқу ордасында магистр дәрежесін қорғаған. 2020 жылы Испарта қаласында «Жаңа түрік тілі» мамандығы бойынша Сүлеймен Демирел университетінде PhD докторы атанады. Ол Ұлттық

білгенімді, оқып-түйгенімді үйретіп жатырмын. Студенттерге үйреткенім секілді өзім де жаңа елде жаңа дүниелерді үйренудемін. Түркі халықтарының бай тілі, бір-біріне ұқсастығы, сан түрлі мәдениеті мен салт-дәстүрі бала күнімнен қызығушылығымды оятқан-ды. Ең алдымен бұған септігі тиген ұстаздарымның ықпалы дер едім. Сондықтан мен есейгенде түрік тілі саласын те-



**Селенай КОШУМДЖУ, шығыстану факультетінің аға оқытушысы:**

## Атажұртта жұмыс істеу мені қанаттандырды

білім министрлігіне қарасты оқу орындарында он жылдай жұмыс істегеннен кейін шетелдіктерге тіл үйрету сертификаты бағдарламасына қатысады. Сондай-ақ аталмыш министрлік ашқан шетелдік білім беру емтихандарынан сәтті өтіп, Қазақстанға келіп, Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің ТҮРКСОЙ кафедрасының оқытушысы (2019 жылдан бастап) атанады. Аталмыш білім ордасынан алған тәжірибесі, ашқан жаңалықтары мен жоба-жоспарлары жөнінде Селенай Кошумджуды өз пікірін ортаға салды.

– Мен Түркия Республикасының Сыртқы істер министрлігі мен Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті арасындағы ынтымақтастықтың арқасында осы оқу ордасына ұстаз ретінде келу мүмкіндігіне ие болдым. Түрік мәдениетін шетелде насихаттау және Қазақстандағы түркі бауырларымызбен мәдени байланыс құрып, нығайту, түрік тілін үйрету мақсатында бүгінде қолымнан келгенше студенттерге сабақ беріп жүрмін. Өзім жұмыс істеп жатқан ТҮРКСОЙ кафедрасына және университеттегі жағдайға дән ризашылығымды білдіремін. Басқа оқу ордаларына баруға мүмкіндігім болған күннің өзінде, таңдауым Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің ТҮРКСОЙ кафедрасына түсер еді.

ҚазҰУ-ға келгелі жастарға бар

рең оқытатын университеттерді (Памуккале, Сүлеймен Демирел) таңдадым. Қызығушылығымды оятқан осы салаға өз үлесімді қосу мақсатында османлы, түрік тілдерінен тәжірибе жинақтап, шығармалар, зерттеулер жазумен айналыстым. Докторлық диссертациям XVIII-XIX ғасырларда жазылған тарихи мәтінді зерттеу болды. Оқырман бұл зерттеумен «Yktez» сайтынан хабардар бола алады. Бұл мақалалар осы саладағы еңбектерімді бұдан әрі аша түседі деп үміттенемін, – деген Селенай Кошумджуды ханым өзінің шекара мен тау, теңіз асып келген бұл сапарын игілікті іс деп білетінін атап өтті. Жат емес, туыс халық әрі атажұртына келуі, керісінше, шабытын оятып, елбегке құштарлығын арттыра түскенін жасырмады. Десе де, орыс тілі мен қазақ тілін үйренуде қиындық туғанын, соған қарамастан, қос тілді тез арада үйреніп алуға кіріскені туралы ойымен бүкпесіз бөлісті.

– Өткен ғасырдың соңғы ширегі мен осы ғасырдың бірінші ширегінде бүкіл әлем бойынша жан-жақты өзгеріс белең алды. Ғалымдар біздің өміріміздің барысын көптеген түрлі салаларда өзгертіп, жаңа ғылыми жетістіктерге қол жеткізді. Кешегі адамзат санасындағы мың бір арман мен қиял бүгінде іс жүзінде жүзеге асып жатқан жайы бар. Мәселен, кешегі фантастикалық романдар мен ертегілерде орын алатын

сүңгуір қайықтар, ұшақтар, жат планетаға жол бастаған ракеталар күнде көріп көзіміз үйренген қалыпты оқиғаға айналды. Ол аздай, қазір өндіру мен тұтыну үдерісі тым жылдам қарқында дамып жатыр. Жаһанданған ғасырда шексіз ақпарат тасқынында қалып қойдық. Сол үшін де әркімге қажетті ең басты байлық – уақыт. Біз осы жетістіктерді қызығушылықпен бақылай отырып, көптеген тілдер жүктелген, тіпті тіл үйретушілердің өзіне де жол көрсететін, уақытты үнемдеуге бағыттайтын электрондық құралдарға көбірек көңіл аударғанымыз жөн болар деп ойлаймын. Ағылшын тілін жетік білемін, орыс тілін біршама еркін, ал қазақ тілін көп сөздеріміз ұқсас болғандықтан, жақсы сөйлеп және түсіне бастадым деп айта аламын. PhD докторантура курстарында кириллица қарпі мен қазақ тілін үйренген болатымын. Бірақ осында келгеннен кейін грамматиканы білу шын мәнінде тілді толықтай білуді білдірмейтінін ұғындым. Қазақ тілін Қазақстанға келген соң, көпшілікпен сөйлесу арқылы жақсы меңгере бастадым, – деді түрік тілінің маманы.

Селенай Кошумджуды ҚазҰУ-да біршама еңбектер жазып, оқырмандардың ықыласына бөленген. Оның мақалалары Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің «Хабаршы» журналында «Омер Сейфеттин әңгі-

мелеріне құрылымдық сараптама», «Лингвистика және мәтін лингвистикасы», «Көптілді білім беру және шетел тілдері филологиясы» атты тақырыптарда жарияланған.

– Біз кафедраның академиялық ұжымымен бірлесіп жұмыс істейміз. Соңғы жылдары түрік тілін оқыту бойынша симпозиумдарға қатысу арқылы өз пікірді білдіріп жүрмін. Қазіргі таңда біз кафедрадағы әріптестерімізбен бірге түрлі жобалар жоспарлап, Scopus-пен индекстелген халықаралық журналдарға мақала жазып жатырмыз, – деді шетелдік ұстаз алдағы уақытта оқу ордасында атқаратын жұмыстары әлі де көп екенін тілге тиек етіп. Одан өзге, оқытушының халықаралық бірнеше басылымдар мен журналдарда түрлі еңбектері жарық көрген. Мәселен, халықаралық ғылыми кездесулерде ұсынылған және «Іс жүргізу» атты кітабында жарияланған еңбектерінің қатарына «Ежелгі Анадолы: түрік мәтіндеріндегі мақал-мәтелдер мен идиомалар: ферхеннаме үлгісі», «Ежелгі Анадолы: түрік мәтіндеріндегі «Құдай» сөзі мен тұжырымдамасы», «Студенттік табысқа әсер ететін факторлар» т.б. ғылыми жобалары мен мақалалары енген. Бұл тақырыптар әлі де індетте зерттеп-зерделеуді қажет ететінін, ол үшін студенттерге жол көрсету қажеттігін атап өтті. Жоғарыдағы еңбектердің көбісі дерлік бүгінде

оқырмандардың қажетіне жарап-ақ жатыр.

– Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің студенттерінен бір байқағаным, олар оқуға, ізденуге құмар келеді. Заманнан қалыс қалмау үшін шетелге тағылымдамадан өтіп, әлем аралап, таным дүниесін әрдайым кеңейту үстінде. ҚазҰУ жастары жаңа, тың, заманауи технологияларға қабілетті, бейімшіл әрі жасампаз. Екі тілде жетік сөйлеген жастар өзге тілдерді де тез үйреніп алуға бейім. Білімпаз жастарға қарап отырып Қазақстанның болашағы жарқын деген қорытындыға келдім.

ТҮРКСОЙ кафедрасын бітірген студенттер оқуын тамамдаған кезде кәсіби түрде түрік тілін терең меңгерген маман ретінде қалыптасатынына еш күмәнім жоқ. Қалаулары бойынша олар Алматыдағы түрік компанияларынан қолайлы жұмыс ортасын таба алады немесе Түркияның жоғары оқу орындарында білімдерін жалғастыруға мүмкіндіктері бар.

Мен «ұстаз» деген ұлағатты есімді арқалау арқылы өзімнің адамзат алдындағы жауапкершілігімнің зор екенін, атқаратын міндеттерім мол екенін ұғындым. Ұстаз-ана болу арқылы әрбір шәкіртіміңнің ой шырағын жаға білдім деп ойлаймын. Осы қызметке орналасқалы көптеген елдерді көріп, сан түрлі мәдениеттермен танысу бақытына ие болдым. Жасыма байланысты тәжірибем аз болғанымен, аз уақыт ішінде білімді, табысты шәкірттерді өмірге дайындау міндетін сәтті орындадым деп айта аламын. Жыл сайын дерлік өз саладағы түрлі пәндер бойынша семинарлар өткізу арқылы алған тәжірибем өмір бойы оқу мақсатымды жандандыра түсетіні анық.

Осы күнге дейін де, бүгін де түрік және түрік мәдениетін жастарға үйретіп, ұғындыру үшін жұмыс істеп келемін. Сонымен қатар қазақ мәдениеті (киім-кешек, салт-дәстүр, наным-сенім, азық-түлік және т.б.) мен тілі туралы зерттеу үстіндемін. Болашақта Түркияға қайтып оралған соң, Қазақ ұлттық университетімен мәдени байланысты нығайту үшін жұмыс істеу жоспарымда бар. Үйренген орта мен әлемдік деңгейде өзіндік орны бар ҚазҰУ-мен байланысымды үзгім келмейді.

**Нұрбек НҮРЖАНҰЛЫ**

## Зерттеу орталықтарымен интеграция жалғасады

**Шығыстану факультетінің ұжымы Р.Сүлейменов атындағы Шығыстану институтының директоры Дүкен Мәсімханұлымен кездесу өткізді. Кездесуге факультеттің оқытушы-профессорлар құрамымен қатар, зерттеу орталықтарының директорлары, докторанттар, магистранттар және жоғары курс студенттері қатысты.**

Дүкен Мәсімханұлы – еліміздегі танымал қытайтанушы, аудармашы, зерттеуші-ғалым. Қазір Шығыстану институтының директоры қызметін атқарып отырған оның ақындығы өз алдына бір төбе.

Дүкен Мәсімханұлы еліміз тәуелсіздік алды деген ақжолтай хабарды ести сала Қазақстанға жетуге асығып, алғашқы болып Қытайдан келген зиялы қауым өкілдерінің бірі. Егемендік алған алғашқы жылдары шығыс елдерімен арадағы байланысты орнататын мамандарға деген

тапшылықтың орнын толтыру үшін аянбай еңбек еткен ұстаз.

Кездесу барысында сөз алған Дүкен Мәсімханұлы 90-жылдардың басында университетіміздің сол кездегі ректоры К.Нәрібаевтың арнайы шақыртуымен елге оралған соң, ҚазҰУ-дың шығыстану факультеті Қытайтану кафедрасында тапжылмай 10 жыл жұмыс істегенін еске алып, араға 20 жыл салып факультетке қайта аяқ басқан көңіл күйін «төркіндеп келген қыздай болып отырмын» деп сипаттап, көпшілікті бір күлдіріп алды.



Шығыстану институтының директоры бұл кездесуде өзі басқарып отырған институттың құрылу тарихы, ғылыми-әлеуеттік жағдайы, кадрлық құрамы, қаржылық мүмкіндіктері туралы кеңінен баяндай келе, бүгінгі атқарылып отырған қыруар жұмыстары мен болашақта атқарылуға тиісті жоба-

жоспарларымен бөлісті. Бұл кездесудің ең басты мақсаты – осы жылдың ақпан айында Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті мен Р.Сүлейменов атындағы Шығыстану институты арасында ғылым және білім интеграциясы бойынша қол қойылған меморандум негізінде бірлесіп жұмыс атқару керек еке-

нін ерекше атап өтті. Дүкен Мәсімханұлы шығыстану факультеті арабтану, ирантану, корейтану, қытайтану, жапонтану т.б. шығыс елдерінің тарихына қатысты мамандар даярлайтын еліміздегі бірегей ЖОО болғандықтан, ғылым мен білім интеграциясы бойынша бірлесіп жоғары білікті мамандар даярлауды одан әрі жалғастыратынын айтты. Осыған қатысты туындап отырған бірқатар мәселелер бар екені және оны шешу үшін нақты ұсыныстар да айтылды.

Кездесу соңында шығыстану факультетінің деканы Ы.Палтөре тағылымы мол, мазмұнды кездесу үшін Д.Мәсімханұлына алғыс білдірді.

**Ержан КЕРІМБАЕВ,**  
Қытайтану кафедрасының жетекшісі, PhD докторы



**Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті төл басылымының ұжымы республикадағы журналистика кафедралары өкілдерінің қатысуымен «Qazaq universiteti» газеті – журналистер ұстаханасы» атты онлайн-конференция өткізді. Басты мақсат – ынтымақтастықты арттырып, тәжірибе алмасу.**

Конференция барысында университеттер, оның ішінде журналистика кафедралары мен факультеттері арасындағы интеграцияны нығайту, тәжірибе алмасу, заманауи әдістер мен техникалық базаны пайдалана отырып, болашақ жас мамандардың кәсіби біліктілігін қалыптастыру мәселелері сөз болды.

Жиынды Х.Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университеті Журналистика кафедрасының меңгерушісі, ф.ғ.к., профессор Мәншүк Мұқашева бастап берді. Ақпарат саласының майталманы қазіргі таңда бір мүддеге жұмылып қызмет ету заман талабы екенін айта келе, республикалық деңгейде тарала бастаған «Qazaq universiteti» газетінің осы бағыттағы рөлі ерекше екеніне тоқталды. «Аймақтағы журналистика мектептері үшін «Qazaq universiteti» газетімен тығыз байланыста болу тамаша мүмкіндік. Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің Ақпарат және коммуникациялар департаментінде тәжірибеден өту облыс орталықтарында білім алып жатқан студенттердің кәсіби маман болып қалыптасуына ерекше ықпал етері сөзсіз. Біз бір салада бәсекелес бола тұра, ортақ міндеттерді игеру үшін бір-бірімізге қолдау білдіруге тиіспіз. Сондықтан тарихы терең «Qazaq universiteti» газетінің алда келе жатқан 75 жылдық мерейтойы қарсаңында басылымға 75 жазылым тарту ету арқылы жаңа бастама көтеріп отырмын. Осылайша кезінде өзіміз білім алып, еңбек еткен қара шаңырақтың

меңгерушісі Гүлмира Сұлтанбаева, А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университеті Журналистика және коммуникациялық менеджмент кафедрасының меңгерушісі Амангелді

листика және филология кафедрасының меңгерушісі Есенбек Жұмағали және т.б. ЖОО өкілдері қатысты.

Олар аталған оқу орындарындағы университетшілік ба-

ның меңгерушісі, PhD докторы Амангелді Шөрентаев 1998 жылдан бастап жарық көріп келе жатқан «Білім жарысы» газетінің жұмыстарымен таныстырып өтті. – Басылым бір жылдары рес-

## Журналистика мектептерімен байланыс артады



өркендеуіне өз үлесімді қосқым келеді», – дейді Мәншүк Тынышқалиқызы.

«Qazaq universiteti» газетінің бас редакторы Гүлнар Жұмабайқызы қатысушыларға басылымның тарихы мен қазіргі міндеттері туралы айта келе, алдағы ауқымды жоспарларымен таныстырды.

Шараға AlmaU университетінің Медиа және кино мектебінен Лаура Барысова, Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ Баспасөз және электронды БАҚ кафедрасының

Шөрентаев, Халықаралық ақпараттық технологиялар университетінен Айгүл Ниязгулова, Қ.А.Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті Журналистика кафедрасының меңгерушісі Әлия Белдібекова, Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ ЮНЕСКО-ның журналистика және коммуникация кафедрасының меңгерушісі Назгүл Шыңғысова, Е.Бөкетов атындағы Қарағанды университетінен Жанар Рамазанова, I.Жансүгіров атындағы Жетісу университеті Журна-

сылымдардың тәжірибесі мен ынтымақтастығы туралы сөз етті. Атап айтқанда, Алматы қаласы мен аймақтарда орналасқан білім ордалары студенттерінің «Qazaq universiteti» газетінде өндірістік тәжірибеден өту мәселелерін талқылап, басылымға өзге оқу орындарындағы мамандардың мақалаларын жариялау туралы ұсыныстарымен бөлісті.

А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университеті Журналистика және коммуникациялық менеджмент кафедрасы-

публикалық «Қазақ» газетінің, бір жылдары аймақтық «Қостанай-ские новости» газетінің қосымшасы ретінде де шыққан кездері болды. Сонымен қатар Л.Гумилев атындағы ЕҰУ газетімен ортақ келісім арқылы басылымның бірнеше беті біздің жаңалықтарға арналса, біздің «Білім жарысы» газеті бетінде Еуразия университеті білім алушыларының материалдары жарияланып тұрды. Сондықтан осы тәжірибені сіздермен де ұйымдастыра аламыз деген ойдамын. Болашақта «Qazaq universiteti» газетіне жазылу арқылы өзге де оқу орындарының маңызды жаңалықтарын басылым бетінде жариялау туралы ұсыныс ресми түрде қарастырылуы қажет. «Qazaq universiteti» газетінің республикалық басылым ретінде шыға бастағанына қуаныштымыз және бірлесе жұмыс атқаруға дайынбыз, – дейді Амангелді Шөрентаев.

Жиын соңында қатысушылар мұндай бастаманың білім алушы жастар үшін мәні зор екенін айтып, толғандырған сұрақтарына жауап алды. Алдағы уақытта арадағы байланысты нығайтатын ынтымақтастық пен меморандум шарттары жасалатын болады.

**Кәмила ДҮЙСЕН**

## Шынайы ақпарат берудің маңыздылығы айтылды

**Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті ЮНЕСКО-ның журналистика және коммуникация кафедрасының ұйымдастыруымен «Тұрақты даму мақсатында халықаралық журналистиканы оқыту модельдері» атты ғылыми-тәжірибелік конференция биыл алтыншы рет өтті. Халықаралық журналистиканың даму трендтеріне арналған ғылыми жиын Алматыдағы ЮНЕСКО кластерлік бюросының қолдауымен өтіп келеді. Биылғы конференция жұмысына АҚШ, Ұлыбритания, Нидерланды, Польша, Түркия, Мексика, Ресей, Қырғызстан, Өзбекстан, Әзірбайжан елдерінен ғалымдар, БАҚ өкілдері қатысып, журналист қауіпсіздігі, климат өзгерісі, медиа ақпараттық сауаттылық, қақтығыстарды БАҚ беттерінде жариялау, гибридік білім берудің технологиялары, Орталық Азиядағы миграция, бейбіт, демократиялық қоғам құру т.б. қазіргі таңдағы өзекті мәселелерді қозғап, шешу жолдарын ұсынды. ЮНЕСКО кафедрасы әлем ғалымдарын, медиа-педагогтер мен халықаралық журналистерді бір платформаға біріктіріп, заманауи журналистиканың даму үрдістерін жан-жақты талқылауға мұрындық болды.**



беру парадигмасы контекстінде әлемді тұрақты дамыту моделін жүзеге асыруға қабілетті «үшінші ұрпақ» университеттерінің рөлі өсіп отырғанын атап өтті.

ЮНЕСКО кластерлік бюросының өңірлік маманы Сергей Карпов Дүниежүзілік баспасөз бостандығы күні қарсаңында өткізілген алқалы жиынның маңыздылығын атап, азаматтардың сенімді ақпаратқа құқықтары, журналистиканың халықаралық стандарттарын сақтау

академиялық қауымдастық тарапынан қолдау тауып отыруы қажеттігін баса айтты. Ол ЮНЕСКО әзірлеген ең маңызды журналистік тақырыптарды қамтитын жаппай ашық онлайн курстарға тоқталды. Осы орайда, ЮНЕСКО кафедрасының халықаралық жоба аясында Орталық Азия университеттеріне арналған ашық онлайн курстар даярлап жатқанын айта кету қажет.

Түркітілдес журналистер ҚҚ президенті Нәзия Жоямерген-

қызы Қазақстан журналистикасының қызмет ету ерекшеліктеріне тоқталып, журналистердің ақпарат алудағы және таратудағы кәсіби білігін арттырудың маңыздылығына назар аударды.

Конференция жұмысына қатысқан Британиядағы «Avrupa» медиахолдингінің президенті Ватан Өзбен ВВС телеарнасының Нидерландыдағы меншікті тілшісі Юсуф Өзқан қазіргі медианың ең маңызды деген міндеттерін атап, фактчек жасау тәсілдерін меңгеру мен жалған ақпаратпен күресу туралы пікірлерімен бөлісті.

Конференцияға өзге елдерден қатысқан ғалымдар қазіргі таңдағы халықаралық тұрақтылыққа фейк ақпараттардың ықпалын баса айтты. Қазіргі геосаяси жағдайда сенімді, шынайы ақпарат берудің маңыздылығы, журналистердің біліктілігі мен кәсіби этиканы сақтауы, болашақ кәсіби білікті мамандар даярлаудағы оқыту форматтары мен құралдары да назардан тыс қалған жоқ.

Алқалы жиын халықаралық ұйымдардың өкілдері мен танымал медиа тренерлердің шеберлік сыныптарына ұласты.

**Назгүл ШЫҢҒЫСОВА,**  
ЮНЕСКО-ның  
журналистика және  
коммуникация  
кафедрасының меңгерушісі

Қазіргі цифрлық ортада қауіпсіздік мәселесі кімді болса да алаңдатары даусыз. Осы орайда, алқалы жиында қозғалған жасанды интеллект, үлкен деректермен жұмыс, журналистиканың адамзат өміріндегі маңызы мен қызметі туралы пікірлер түйткілді мәселелердің тиегін ағытты. Олардың шешімін табуына журналистер, халықаралық ұйымдар,


ҰЕҰ, ЖОО оқытушылары мен әлемдік журналистика мектептері бірлесе қызмет етуі тиіс екеніне тағы да көз жеткізді.

Халықаралық конференцияны ашқан Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ проректоры Хайдар Тасыбеков қоғам өміріне белсенді қатысып отырған қазіргі университеттердің рөліне тоқталды. Бүгінгідей жаһанданған білім



## ҒЫЛЫМ КЕҢІСТІГІНДЕГІ АЛҒАШҚЫ ҚАДАМ

ЖОО-ға дейінгі білім беру факультетінің акт залында I халықаралық Фараби форумы аясында «Фараби әлемі» халықаралық жас ғалымдар мен студенттердің конференциясы өтті.



«Қоғамдық ғылымның әлеуметтік прогресті дамытудағы рөлі» 8-секциясында мінберге шыққан әрбір баяндамашы мақаласының мән-мазмұнына орай, қатысушылар мен олардың жетекшілері тарапынан тақырыпқа қатысты әртүрлі сұрақтар қойылып, жан-жақты талқыланды.

Ақылбек Сейсенбектің «Тарихи Отанға қазақ этносының тәуелсіздіктің басты жетістігі» атты баяндамасы қазіргі уақыттағы шетелдегі қазақтардың тарихи Отанына оралуы кезіндегі туындайтын мәселелерге қатысты болғандықтан, әрбір шетелден келіп, атамекенінде білім алып жатқан қазақ жастарының көкейіндегі сұрақтардың шешіміне жол табуы нұсқағандай болды. Секция жұмысының қорытындысы бойынша Ерлан Тілек 1-орын, Еркегүл Хайрат, Қарақат Орынбаева және Бақтыгүл Орынбасарлар

2-орын, Гулайна Әденова, Ақылбек Сейсенбек, Нұрсәуле Юсупбаевалар 3-орынды иеленді.

Конференция жұмысында белсенділік танытқан бірқатар қатысушылар ынталандыру жүлдесі – мақтау грамотасымен марапатталды. 8-секцияға ЖОО-ға дейінгі дайындық кафедрасының отандық және Қытай Халық Республикасынан, Моңғолиядан, Өзбекстаннан келген шетелдік тыңдаушылармен қатар, Қыздар мемлекеттік педагогикалық университетінің студенттері, Сырдария университеті мен ҚазҰУ-дың журналистика факультетінің магистранттары, Алматы қалалық политехникалық колледжінің студенттері қатысты.

Секция жұмыстарының жабылу салтанатында қорытынды есептер жасалды және соңы марапаттау рәсіміне ұласты. Секцияларға қатысушылардың бұл үлкен ғылым-білім кеңістігінде жасаған алғашқы қадамы, тұңғыш талпынысы екеніне тоқтала келе, ұйымдастыру комитеті мен модераторлар болашақ жас ғалымдар мен ізденушілерді алғашқы қадамдарының сәтті болуымен құттықтап, келешекте қаламдары қарымды болып, келелі табыстарға жете беруіне тілектестіктерін білдірді.

**Рахила НАРАЛИЕВА,**  
ЖОО-ға дейінгі білім беру факультетінің аға оқытушысы

## ЖАСТАРДЫҢ ТАЛПЫНЫСЫ ҚУАНТАДЫ

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ филология факультеті Қазақ әдебиеті және әдебиет теориясы кафедрасында магистратура, докторантура бойынша «Қазақ тілі мен әдебиеті» мамандығының ашылғанына үшінші жылдың жүзі болды. Осы мамандық ашылғалы бері өз ұлтының тілі мен әдебиетін құрмет тұтып қастерлейтін, болашақта еліміздің арлы, намысты, білімді азаматтарын тәрбиелеп, білім нәрімен сусындатуды армандап, ұстаздық жолды таңдаған, «Тілім – жаным, әдебиет – арым» деген асыл сөзді ұстанған білім алушылар саны жылдан-жылға артып келеді.

Менің тобымдағы магистранттар таным-түсінігі мол, шетінен өнерлі, өз мамандықтарын сүйетін білімді жастар. Атап айтсам, Айгүл Өтеміс Тәуелсіздіктің 30 жылдығына орай ұйымдастырылған ғылыми байқауда екінші кезеңге жолдама алып, «2 999 999+1 немесе аштық жылдарындағы зобалаң» тақырыбындағы жұмысын қорғап, 50 мың теңге сыйақы мен алғыс хатқа ие болды.

Ал Ақжарқын Күнтуған болса «Қазақстан – атажұртым, қасиетім – ана тілім» атты «Дарын» халықаралық байқауының және «Bilim-



orkeniet» ұлттық инновациялық ғылыми-зерттеу орталығының ұйымдастыруымен өткен халықаралық байқаудың жеңімпазы атанды.

«Білімді студент – білікті маман» деген қағиданы ұстанған магистранттар білімдерін практикамен ұштастырып,

мектептерде шәкірт тәрбиелеп, ұстаздық қызмет атқаруда. Соның бірі Гүлзада Данияр білім мен ұстаздық қызметті қатар ала жүріп, Алматы қаласындағы Алмалы ауданының білім бөлімі басшылығымен жас педагогтердің әлеуметтік мәртебесін арттыру, шығармашылық әлеуетін жандандыру, кәсіби өсуіне жағдай жасау мақсатында өткізілген, төрт кезеңнен тұратын мектепаралық «Өз жұлдызыңды жақ!» атты қалалық байқаудың жеңімпазы атанды.

Айта берсек, мақтанатын жаңалықтарымыз баршылық. Университет, факультет қабырғасында өткізілетін іс-шараларға белсене атсалысатын өнерлі магистранттарымыз қаншама! Бір сөзбен айтқанда, менің тобым – менің мақтанышым!

**Ардақ САРГЕЛТАЕВА,**  
Қазақ әдебиеті және әдебиет теориясы кафедрасының оқытушысы

ҚҰРМЕТТІ ӘЛ-ФАРАБИ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІНІҢ ОҚЫТУШЫЛАРЫ МЕН СТУДЕНТТЕРІ!

«QAZAQ UNIVERSITETI»

ГАЗЕТІНЕ ЖАЗЫЛУ ЖЫЛ БОЙЫ ЖАЛҒАСАДЫ

Газетке жазылу индексі: 64787

- Бұдан былай газетіміз республика көлемінде таратылады. Енді газетке шыққан әрбір мақала, сұхбат, ғылыми жаңалықтар мен білім саласындағы тың ақпаратпен еліміздің түкпір-түкпіріндегі оқырмандар да таныса алады.
- Ендеше мүмкіндіктен құр қалмаңыз. Сіз де біздің газетке жазылып, өз мақалаңызды ұсына аласыз. Сонымен қатар газетке оқытушылар мен студенттер де материалдарын жариялай алады.

«ҚАЗПОШТА» АРҚЫЛЫ ЖАЗЫЛУ БАҒАСЫ:

|         | Аудан/ауыл    | Қала          |
|---------|---------------|---------------|
| 6 айға  | 1251,42 теңге | 1363,14 теңге |
| 12 айға | 2502,84 теңге | 2726,28 теңге |

Біздің оқырман



**Дархан ҚЫДЫРӘЛІ,**

ҚР ҰҒА-ның академигі, «Егемен Қазақстан» республикалық газеті» акционерлік қоғамының басқарма төрағасы

Суретті түсірген – Марат Жүнісбеков

ҚҰРЫЛТАЙШЫ:

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің Басқарма Төрағасы – Ректоры  
**Жансейіт ТҮЙМЕБАЕВ**

Ақпарат және коммуникациялар департаментінің директоры

**Қаншайым БАЙДӘУЛЕТ**

**Бас редактор:** Гүлнар ЖҰМАБАЙҚЫЗЫ

**Жауапты хатшы-дизайнер:** Талғат КІРШІБАЕВ

**Тілшілер:** Қайыржан ТӨРЕЖАН, Кәмила ДҮЙСЕН, Нұрбек НҮРЖАНҰЛЫ

**Фототілші:** Марат ЖҮНІСБЕКОВ

**Корректор:** Күләш ҚАДЫРБАЕВА

МЕКЕНЖАЙЫ:

• 050040, Алматы қ., Әл-Фараби даңғылы, 71, ректорат, 3-қабат, №305, 307 бөлме. Байланыс телефоны: 377-33-30, ішкі: 32-28, тікелей: 377-31-48.

• Электронды мекенжай: [kaznugazeta@gmail.com](mailto:kaznugazeta@gmail.com)

• Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттелді. «Қазақ университеті» баспаханасында басылды.

Кезекші редактор: Кәмила ДҮЙСЕН

Бағасы келісім бойынша.

Газетке жазылу индексі: 64787

Таралымы – 1000

- Жарияланған мақаладағы автор пікірі редакцияның көзқарасын білдірмейді.
- Редакцияға түскен қолжазба қайтарылмайды, үш компьютерлік беттен асатын материалдар қабылданбайды.
- «Qazaq universitetine» жарияланған мақала көшіріліп басылса, сілтеме жасалуы міндетті.
- Жарнама мәтініне жарнама беруші жауапты.